

**"Шығыс Қазақстан облысының халқын орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінен су алу ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 17 шілдедегі N 24/385 -III шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының III сессиясының 2007 жылғы 14 желтоқсандағы N 3/44-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 10 қаңтарда N 2467 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 03 шілдедегі N 12/139-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 03.07.2013 N 12/139-V шешімімен.**

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 92-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысының халқын орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінен су алу ережесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 17 шілдедегі N 24/385-III шешіміне (N 2455 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде тіркелген, "Дидар" газетінің 2007 жылғы 4 қыркүйектегі N 107, "Рудный Алтай" газетінің 2007 жылғы 4 қыркүйектегі N 132 сандарында жарияланды) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шығыс Қазақстан облысының халқын орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінен су алу ережесіндегі:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ереже халықты орталықтандырылмаған сумен жабдықтау бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға, сондай-ақ жеке мұқтаждықтарына ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін су объектілерін пайдаланатын заңды және жеке тұлғаларға да таралады.";

6-тармақтың 5) тармақшасы алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық

сумен жабдықтау кезінде тәулігіне елу текше метрге дейінгі көлемде су алған кезде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитет төрағасының 2006 жылғы 17 ақпандағы N 29 бұйрығымен бекітілген, N 4124 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде тіркелген Халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде заңды және жеке тұлғалармен пайдаланылатын су объектілерін тіркеу ережелеріне сәйкес су объектісін тіркеу жүргізіледі.";

1 2 - т а р м а қ т а ғ ы :

"2005 жылғы 13 мамырдағы N 229" сөздерінен кейін мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

", N 3720 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде тіркелген.";

13-тармақ алынып тасталсын;

14-тармақтағы "тиіс" сөзі алынып тасталсын, "орнатылуы" сөзі "орнатылады" сөзімен ауыстырылсын;

15, 16, 20, 25-тармақтар алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессияның төрағасы*

*Шығыс Қазақстан облыстық*

*мәслихатының хатшысы*